ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

«САУРАН АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ТУРИЗМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ТУРИЗМА АКИМАТА РАЙОНА САУРАН»
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

161221, Сауран ауданы,Шорнақ ауылы, М.Темірбаев көшесі, 30
ММ коды 4823503, БСК KKMFKZ2A, ЖСК KZ98070103KSN5828010,
БСН 210540034520 ҚР ҚМ қазынашылық комитеті РММ

161221, Сауранский район, село Шорнак, ул.М.Темірбаева, 30
код ГУ 4823503, БИК KKMFKZ2A, ИИК KZ98070103KSN5828010
БИН 210540034520 РГУ Комитет казначейства МФ РК

_____№_____

_____

№ 40-13-11/25 от 07.04.2025

«KDX» ЖШС

«Сауран ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және туризм бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Бөлім) 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 251313 шағымыңызды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес қарастырып, келесі жауапты хабарлайды:

Сауран ауданы, Майдантал ауылдық округі, Ынталы-Егізқара елді мекеніндегі ағымдағы жөндеу (ГПС төсемесі) мемлекеттік сатып алуы бойынша №14221392-1 шағымыңызға қатысты.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 11-бабының 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы орындаушының (субподрядчик) біліктілік талаптарына сәйкестігі осы Заң мен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген құжаттар негізінде немесе Қазақстан Республикасының ақпараттық жүйелері арқылы тексеріледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 76, 77 және 78 тармақтарына сәйкес, егер конкурс құжаттамасы материалдық ресурстардың болуын талап етсе, онда бұл талапты орындау үшін тиісті құжат ұсынылуы тиіс. Егер материалдық ресурстар жалға алынған болса, онда қосымша жалға алу шартының электронды көшірмесі ұсынылады. Сонымен қатар, жалға алу мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілген жұмыс немесе қызмет мерзімінен кем болмауы тиіс.

Материалдық ресурстарды бірнеше әлеуетті өнім берушіге бір конкурсқа ұсынуға болмайды және алдын ала жалға алу немесе қосалқы жалға беру шарты келісім шарттарының электрондық көшірмесін ұсынуға рұқсат етілмейді.

Егер конкурс құжаттамасында еңбек ресурстарын талап етсе, онда жұмысшының біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы растау ұсынылуы тиіс.

Конкурс №14221595-1 бойынша материалдық ресурстарға қойылатын талаптар:

Дата: 07.04.2025 21:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

1. Шынжыр табанда жүретін қопсытқыш-бульдозер, магистральды құбырларды орнату үшін 66-96 кВт қуаттылықта, салмағы 8,5-14 тонна – 1 бірлік;

2. Шынжыр табанда жүретін бір қаптамалы экскаватор, күрделі инженерлік құрылыс жұмыстарында 0,5-0,65 м.куб. ковш, салмағы 10-13 тонна – 1 бірлік;

3. Жол катогы, 13 тонна салмақ – 1 бірлік;

4. Орта типті автогрейдер, қуаттылығы 88,9-117,6 кВт (121-160 а.к.), салмағы 9,1-13 тонна – 1 бірлік;

5. 5 тонна жүк көтергіш автожүктегіш – 1 бірлік;

6. Жүргізуші – 2 бірлік;

7. Көмекші жұмысшылар – 5 бірлік.

Құқықтық нормаларға сәйкес, шағым мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастырушылардың, комиссияның, сарапшылардың немесе операторлардың әрекеттеріне қатысты нақты заңбұзушылықтар туралы мәліметтерді және қажет болған жағдайда құжаттарды қамтуы тиіс.

Шағымға құжаттар қоса берілуі мүмкін, олар шағымданушының дәлелдерін растау үшін қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қабылдаған шешімге қатысты шағым сотқа берілуі мүмкін.

Жоғарыда аталған негіздер бойынша, Бөлім өз құзыреті шегінде шағымды қарап, оның негізінде шағымды қанағаттандырудан бас тартты.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес, егер өтініш беруші органның шешімімен келіспесе, ол әкімшілік актіні немесе әкімшілік әрекетсіздікті сотта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдануға құқылы.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес, осы бапта қарастырылған дауларды сотқа дейін реттеу міндетті болып табылады.

Бөлім басшысы **С.Шакиров**

Подписано
07.04.2025 21:15 Шакиров Сұлтанғали Сартайұлы

Дата: 07.04.2025 21:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 40-13-11/25 от 07.04.2025 г.
Организация/ отправитель	ГУ «ОТДЕЛ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО И ТУРИЗМА РАЙОНА САУРАН» ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Отдел предпринимательства и туризма акимата района Сауран" Подписано: ШАКИРОВ СҰЛТАНҒАЛИ MIIRqwYJ...dI0uIdFrL Время подписи: 07.04.2025 21:15
	Государственное учреждение "Отдел предпринимательства и туризма акимата района Сауран" ЭЦП канцелярии: БАЙМАХАНОВ БАГЛАН MIISAwYJ...mLWBOqA== Время подписи: 07.04.2025 21:15

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Дата: 07.04.2025 21:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП